

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ ЖЫЛЖЫМАЛЫ
КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 21**

**Жаңаарқа селосы
19.09.2023
сағат 11.00**

Облыстық қоғамдық кеңесінің жылжымалы отырысы оффлайн форматта өтті. Отырысты ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізді.

Отырысқа тұрақты комиссиялардың мүшелері: **Сейдахметов М, Бейсембаев М, Атамұрат М, Токишова А**, қатысты.

Сонымен қатар жылжымалы отырыста Жаңаарқа ауданының әкімі **Қожукаев Қ**, оның орынбасарлары, мекеме басшылары, ақсақалдар, депутаттар, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, жастар қатысты.

Қожукаев Қ – Құрметті облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Бауыржан Бегенов, сіздерге Жаңаарқа жеріне қош келдіңіздер демекпін. Жергілікті атқарушы билік әрдайым қоғам белсенділерімен қоян қолтық жұмыс жасауға дайын. Алдарыңызда әр саланың басшылары есеп береді.

Бегенов Б -рахмет. Біздің келу себебіміз – халықтың ұсыныстарын, проблемаларын тыңдап, өз тарапымыздан тиісті мекемелерге жеткізу. Бізде тұрақты 4 комиссия бар, солардан бір-бір өкіл келді. Баяндама тыңдалған соң сұрақ жауапқа көшеміз.

Баязитов С - ауылшарушылық бөлімінің басшысы.

2023 жылдың 9 айында мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалпы 853 млн 340 мың теңгеге 131 жоба қолдау тапты. Оның ішінде «Агробизнес», «Іскер», «Кең дала» т.б бағдарламалар бойынша Аграрлық несие Корпорациясы және «Жаңаарқа» несие серіктестігі арқылы – 282 млн 810 мың теңгеге 26 жоба қолдау тапты. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында - **162** жобаның құжаттары каралуда.

Бегенов Б – Жаңаарқа ауданында «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша несиелендіру көрсеткіштері неге төмен?

Баязитов С – СПК «Ұлытау» және ауылшаруашылық басқармасындағы арасында туындап жатқан мәселелердің салдарынан бүгінгі күні 25 жоба ғана несиеге қол жеткізді.

Бегенов Б – ауыл шаруашылығы бағытында жем-шөп қорының биылғы түсімі қандай?

Баязитов С - құрғақшылыққа байланысты әр гектардан 3 центнерден алып отырмыз.

Бегенов Б - ауыл шаруашылығы санатындағы жерлерді суарылмалы егістік жерлерге ауыстыру арқылы үкіметтен берілетін 50 % судсидияға қол жеткізу болады. Яғни, техникаларға және инфрақұрылымға әр жылы құрғақшылыққа қарап отыруға болмайды. Осы ретте, ауылшаруашылық өнімі фермерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр ма? Бүгінгі күні қанша шаруа қожалықтары суармалы егістікпен айналысуда.

Баязитов Б - «Мира»с ШҚ ғана айналысып жатыр.

Есіркепов М - аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы. Индустриялық -инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші /2015-

2019 ж/ және үшінші бесжылдық аясында /2020-2025ж/ ауданымызда 3 жоба облыстық үйлестіру кеңесінің шешімімен өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізіліп, жүзеге асырылуда. Картадан тыс инвестициялық жобалар да бар. Құрамында алтын бар кендерді үймелеген шаймалау технологиясы бойынша «Ашықтас» кенішінде қайта өңдеу кешенін салу жобасы.

Азық - түлік және азық-түлік емес дүкендер саны – 227 бірлік. Ағымдағы жылы тауарларға инфляциялық үдірістерді тежеу үшін сауда нүктелерінің иелерімен әлеуметтік маңызы бар өнімдердің 19 түріне бағаны көтермеу мәселесі бойынша жұмыстар жүргізіліп ұйымдастырды.

Бегенов Б – Облыстан қанша грант берілді? Қаншасы іске асты?

Есіркепов М- Бізде 15 грант алды. 13 іске асты. 2 қосымша қаражатты күтуде. Биыл ашылады.

Тәттімбетқызы Е – аудандық Жастар ресурстық Орталықтың басшысы. Бұл жалпы аудан халқының 53,6%-ын құрайды. Оның ішінде: ер азаматтар саны – 6357, әйел саны – 6265, мектеп оқушылары саны – 2670, студенттер саны – 1054, жұмыс жасаушы жастар – 3350.

«Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жастармен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Орталық 2022 жылға 118 іс-шара жоспарлап, жыл соңына дейін 124 іс-шара жүзеге асырылып, 7 200 жасты қамтыды.

2023 жылы орталықтың жоспарында 130 іс-шара бекітілді. Қазіргі таңда 92 іс – шара жүзеге асырылды.

2022 жылы аудан әкімінің грантына 57 жас кәсіпкер өтімдерін беріп, 12 жас кәсіпкер аудан әкімінің қайтарымсыз грантына қолдау алған болатын.

2023 жылы аудан әкімінің грантына 52 жас кәсіпкер өтімдерін берді. Комиссия шешімінің қортындысы бойынша 15 жас кәсіпкер 1 миллион көлемінде аудан әкімінің қайтарымсыз грантына қолдау алды. 27 маусым күні жас кәсіпкерлерді марапатталды.

Бегенов Б -Рахмет .

Егер сұрақтарыңыз болса біз тыңдап жауап беруге дайынбыз .

Әбілжанов М, Нүркеев Р, Жубанышбаев Ж- түскен сұрақ-өтініштер.

Жергілікті халықтың қосалқы шаруашылығындағы (ЛПХ) мал басы көп болуы. Бұл тенденция, жайылымдық жерлердің тозуына (*деградацияға*) апарады. Мәселені шешімін табу үшін ауылдық елді мекенінен (ауыл басынан) шекарасынан тыс, жеке шаруа қожалығын ашып, ауыл шаруашылығына арналған жерлерді (жайылымдарда) малдары жаю қажет.

Пайдаланбай жатқан жер учаскелерін мемлекеттік меншігіне қайтару. Ұлытау облысы бойынша пайдаланбайтын жерлер жеткілікті. Басым бөлігі Жаңаарқа және Ұлытау аудандарында. Жер учаскелерін мемлекетке қайтару жұмысын іске асыруы өте ұзақ уақыт алдырады және қиындық туындырады. Себебі: Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 92-94 баптарына сәйкес, нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбай жатқан жер пайдаланушыларға шара қолдану үшін (*жерлерді мемлекетке қайтаруы*) тек сот шешімімен жүзеге асырылады. Сотқа дейін бір жыл бұрын, нысананы мақсатына сәйкес пайдалану керектігі туралы нұсқама жолданады. Бір жыл өткеннен кейін қайта тексеріс жасап, сот органдарына талап арызбен шағымдалануы тиіс. Бұл жұмыстар Жер ресурстарының басқару департаментінің (*жер инспекция*) құзырына кіреді.


Шешімі: Пайдаланбай жатқан жерлерді сотқа беруді жергілікті атқарушы органдарына да беру. Бір жыл күтпей, сот органдарына шағым жасау. Нотариалдық

конторалар жерлерді сатуға келген кезде Жер ресурстарынын баскару департаментінің анықтама алуы немесе келісуі кажет.

Одан бөлек хореографтардың жетіспеушілігі,газ мәселесі де айтылды.


Бегенов Б -сіздердің барлық көтерілген мәселелер бойынша жұмыс жасаймыз. Ең бірінші АКК, СПК « Ұлытауға» хат жазамыз. Сонымен қатар, аудандық мәдениет үйіне кажетті мамандарды тарту үшін де, грант бойынша тиісті мекемеге хат жолдаймыз. Одан бөлек аудандағы шағын құрылыс нысандары бойынша ЖСК /ПСД/ талап ету мәселесін шегеру бойынша да депутаттарға сауалнама жолдаймыз.

Ұлытау облысының
қоғамдық кеңесінің төрағасы



Б. Ж. Бегенов

Ұлытау облысының
Қоғамдық кеңесінің хатшысы:



С.Оңғарбаева